

31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

ҚҰРМЕТТІ ӨРІПТЕСТЕР, СТУДЕНТТЕР!

Бүгін - XX ғасырдың басында талайды сарсаңға салып, қасірет шектірген саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні.

Халқымыздың өткен ғасырда бастан өткерген нәубеттері жадымызда мәңгі сақталары хақ. Өйткені халқымыздың әрбір үйі, әрбір жаны бұл трагедияның, бұл зұлматтың зардабын тартты. Ресми деректерге сүйенсек, Қазақстанда 103 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшырап, 25 мыңнан астам адам ату жазасына кесіліпті. Ал тарихтың ашылмаған сырлары әлі де көп екенін ескерсек, қилы заман бұдан көп адамның тағдырына ойрандады десек те болады. Себебі, сол жылдары қуғын-сүргінге ұшырағандардың өздері ғана емес, олардың жақындары да зардап шекті.

Кеңес билігі Алты Алаштың ардақты азаматтарына “Халық жауы” деген жала жауып, тұтас бір ұлттың келешегін жоюға тырысты. Алайда, зобалаң жылдарға қарамастан, қазақ халқы өзінің дархан пейілі мен адамгершілік адал мінезінен айнымады. Репрессия жылдары Қазақстан аумағына жер аударылған тағдырластарға есігін ашып, төрден орын берді, бір қара нанды бөлісті.

Бүгінде небір тауқимет кешкен халқымыз Тәуелсіздіктің таңын қарсы алып жатқанына 30 жылдан астам уақыт өтті. Ел егемендігі тарихты қайта ақтарып, жазықсыз жазаланып, қуғын-сүргінге ұшыраған ұлт зиялыларының бейнесі мен мирасын реконструкциялауға мүмкіндік берді. Әсіресе, бір кездері “Халық жауы” атанған Қазақ зиялы қауымы - қазіргі таңда халқымыздың білім мен ғылым, демократия мен әділет жолындағы темірқазығы. Олардың есімдері мен еңбектері ұрпақтан ұрпаққа ұласып, жадымызда мәңгілік қалады.

Біз тарихымызды ешқашан ұмытпаймыз! Ұлтымыздың жарқын болашағы үшін басын бәйгеге тіккен, бүгінгі бейбіт өмірдің негізін қалап берген ата-бабаларымызға бас иеміз!

Құрметпен,
Ректор
Жанар ТЕМІРБЕКОВА



ЕРЛЕР ЕСІМІ- ЕЛ ЕСІНДЕ САҚТАЛАДЫ!

Тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы 14 сәуірде жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы ҚР Заңы қабылданды. Ал, ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 1997 жылды Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы, сондай-ақ 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні деп жариялады.

Жалпы, зерттеушілер деректеріне сүйенсек, 1927-53 жылдары Қазақстан бойынша 125 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшыраған. Олардың 25 мыңы атылды. Осы қуғын сүргін жылдарында бүкіл елде 953 лагерь болған. Қазақстанда ГУЛаг-тың 20-дан астам лагерьі орналасқан.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атаулы күнге орай жасаған үндеуінде «Кеңес заманында өмір сүрген халықтарға «үлкен террордың» орасан зор қасірет әкелгені есімізде. Зұлмат жылдарда Қазақстанға КСРО-ның түкпір-түкпірінен бес миллионнан астам адам жер аударылды», – деп тарихи әділдікті қалпына келтіру жұмыстарын аяқтап, саяси қуғын-сүргін

құрбандарын ақтау үшін арнайы мемлекеттік комиссия құруды тапсырды.

– XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін зобалаңы – халқымыздың тарихындағы қасіретті кезең. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін осы нәубеттің құрбандарын мәңгі есте қалдыру үшін мемлекеттік деңгейдегі тиісті шараларды жүзеге асыра бастады, – дейді мемлекет басшысы.

100 мыңға жуық азаматымыз қуғын-сүргінге ұшырап, соның 20 мыңнан астамы атылды.

Жазықсыз жазаланғандардың қатарында Ө. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Тынышбаев, М. Дулатұлы, Т. Рысқұлов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, С. Асфендияров сияқты көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, басқа да ұлт зиялылары бар.

– Тарихи әділдікті қалпына келтіру жұмыстарын аяқтап, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үшін арнайы мемлекеттік комиссия құруды тапсырдым, – деді президент.

ЖАҢАЛЫҚТАР

ОБЛЫСТА АЛҒАШ РЕТ БАС МИЫНЫҢ ҚАН ТАМЫРЛАРЫНА СТЕНТ ҚОЮ ОТАСЫ ЖАСАЛДЫ



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Клиника-диагностикалық орталығында «Ангиограф» құрылғысымен алғаш рет бас миының қан тамырларына стент қою оталары өтті. Инсульт қаупі бар науқастарға арналған өмірлік маңызы жоғары бұл емдік ота түрі Түркістан облысында бірінші рет жасалды. Инсульт немесе ишемиялық цереброваскулярлық ауру – орталық жүйке жүйесіне апаратын тамырлардың аурулары немесе тамырдан тыс қан кетулер нәтижесінде дамидын окклюзиялардан туындаған неврологиялық симптомдардың дамуы. Клиника-диагностикалық орталығының басшысы Мехмет Зия Генчердің айтуынша, ерте диагностика мен емдеуді қолға алу арқылы инсульт және инсультпен ауыратын адамдарда мүгедектік қаупін азайтуға болады. Сондай-ақ, ол клиникамыздың Түркістан халқына көрсеткен қызметінің арқасында инсультпен күресуге қауһарлы адам санының артатынын айтты. Демек, өңірімізде инсультке байланысты мүгедектік жағдайлары да айтарлықтай төмендейді.

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

Университетімізде өткен «Жоғары оқу орындары және ғылыми-зерттеу институттары арасындағы ынтымақтастықтың перспективалары» атты республикалық дөңгелек үстел аясында Түркология ғылыми-зерттеу институтында ғалымдар бас қосты. Дөңгелек үстелге ҒЗИ директорлары, ғылыми-зерттеу институт қызметкерлері және А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл Білімі институты атынан ғалым-хатшы Садық Дидар және Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры Гүлжан Сүгірбаева қатысты.

Оқу ордамыздың бітіруші курс білім алушылары Түркістан қаласының Халықты жұмыспен қамту орталығы өкілдерімен кездесу өткізді. Халықты жұмыспен қамту орталығы директорының орынбасары Нұржан Достанұлы жас мамандар үшін әзірленген мемлекеттік бағдарламалар және Түркістан қаласы бойынша Бос жұмыс орындарымен таныстырды. Сондай-ақ, 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба туралы баяндама жасады.

Өзбекстанда өткен қазақ күресінен ересектер арасындағы Азия чемпионатында ел қоржынына алтын жүлде салды. Байрақты бәсеке Джиззак қаласында өтіп, оған Азияның 11 елінен келген командалар қатысты. Аталған жарыста бақ сынаған шәкіртіміз Қожамбеков Жұмажан 74 келі салмақ дәрежесінде қарсылас шақ келтірмей, тұғырдың биігінен көрінді. Балуанды жарысқа баптап қосқан бапкерлері – ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Қасымбеков Жақыпбек және аға жаттықтырушы Олжас Кенеханов.

АСҚАРДЫҢ ӘН КЕШІ ТҮРКІСТАНДА ҚАЛЫҚТАДЫ

Жуырда оқу ордамызда «Филология» факультетінің 1995 жылғы түлегі, Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі, ақын, композитор, сценарист Асқар Дүйсенбінің 50 жас мерейтойының қарсаңында «Единица жақсысы», «Табалдырық» атты кітаптарының таныстырылымы өтті.

Асқар Дүйсенбі – «Махаббат көктемі», «Ләйлә ғұмыр» жыр жинақтарының, «Жан арманым», «Тойға тілек» ән альбомдары мен «Түркі аңыздары мен әпсаналары», «Аңыздар мен абыздар», т.б. еңбектердің және елімізге танымал әндердің авторы. Рухани-шығармашылық кешті белгілі айтыскер ақын Бекарыс Шойбеков тізгіндеп, зиялы қауым өкілдері, Асқар Дүйсенбінің өнер мен өмірдегі достары, әріптестері қатысты. Шарада сөз бастаған университетіміздің әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры Асқар Тұрғанбаев оқу орда мақтанышы, ел қалаулысы болған Асқар Дүйсенбіні 50 жас мерейтойымен құттықтады. Айтулы шараның сазгердің түлеп ұшқан мекені, білім ордасында өтуінің



маңызына тоқталды. Әрі, университетіміздің ректоры Жанар Темірбекованың Асқар Дүйсенбіге арнаған құттықтау хатын жеткізді. Сондай-ақ, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «30 жылдық» төсбелгісін табыс етті.

Басқосуда композитордың алғаш оқу ордамызға келген сәтінен бастап, жыр жолы мен ән жолының бастауы, ғылыми зерттеу жұмыстары сынды еңбектері сөз болды. Ең бастысы, автордың Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған «Единица жақсысы» кітабы және «Табалдырық» еңбектерінің мазмұны айтылды. Абай жөнінде зерттеу жүргізіп, оның еңбектерінің әлемнің қанша тіліне аударылғанын анықтап, жинақтаудың қаншама қажырлы қайратты талап ететіндігі ескерілді. Осы жолда аянбай еңбек етіп, қалам қозғаған Асқар Дүйсенбіге көпшілік алғыстарын жеткізді. Естелікке толғы әңгіме де, сазгердің сазды әуендері ескен шарада ақынның

жыр-шумақтары оқылды. Күмбірлеген домбыра баян үнімен үндесіп, әсем әндер шырқалды.

Уахит СЕЙТЖАППАР:

«СТУДЕНТЕРДІҢ 90%-Ы ӨЗ БЕТІНШЕ ОҚИДЫ»

Журналистика мамандығы 2 курс студент Сейтжаппар Уахит ұтқырлық бағдарламасымен бір семестр Түркияның Еге университетінде оқып келген болатын. Біз бауырлас елде білім алып келген досымызбен пікір алмасқан едік.

Қайырлы күн, Уахит! Ең әуелі, өзіңізді оқырманға таныстыра кетсеңіз.

- Қайырлы күн!
Мен журналистика мамандығының 2 курс студентімін. Шырайлы Шымкенттен армандарым жетелей келе Ахмет Ясауи университетіне оқуға түстім. Университет маған көп мүмкіндіктер сыйлады. Түрік тілін жетік меңгеріп, білімімді жетілдіру мақсатында Түркия мемлекетінде оқып келдім.

- Иә, көп студенттің көкейінде осы мәселе. Сіз түрік тілін қанша уақытта меңгердіңіз?

- Мен негізінде дайындық факультетінде оқығанмын. 1-курсқа түспес бұрын Кентау қаласында 9 ай бойы түрік және ағылшын тілдерін үйрендік. Содан соң тест тапсырып 1-курсқа қабылдандық. Дайындық факультетінде күніне 3 сағат түрік, 3 сағат ағылшын тілдерінен дәріс болатын. В2 деңгейіне дейін оқып шықтық. Ал 1 курста С1 деңгейін тәмамдадым. Тілді үйрену оңай емес, әрі өзіңе де байланысты. Маған түрік тілін үйреткен ұстазым Ақбөпе Сүлейменова болды. Ұстазым өте керемет жан. Маған үлкен сенім арта отырып «Осы бетіңнен таймай оқи бер. Оқығаның жерде қалмайды, шетелге оқуға түссейң» дейтін. Бұл маған үлкен шабыт берді. Тілді жетілдіру мақсатында музыка тыңдадым, фильмдер қарадым.

- Керемет! Түркияға оқуға бару үшін қандай емтихандар тапсырып, түстіңіз? Сонымен, қай қаладағы университетте оқып келдіңіз?

- Бізге «Орхон» бағдарламасы туралы ақпараттар сілтемесін

«Журналистика» кафедрасының меңгерушісі ұстазымыз Әлия Тасболатқызы жіберген болатын. Конкурспен толықтай танысып, қызыға бастадым. Әлия апаймен ақылдаса отырып, «Ұтқырлық» бөліміне өтініш жаздық. Студенттерге бар жоғы 2 талап берілді. Алдымен GP балл жоғары болуы керек. Екіншісі түрік тіліндегі сұрақтарға жауап беру. Яғни түрік тілінде әңгімелесуден өту. Мен 2 деңгейден де тиесілі баллды алып, емтиханан өттім. Осылайша күзгі семес-

берсе, семинарда студенттер кері байланыспен сабақ айтады. Одан бөлек газеттерде айырмашылық байқалады. Бізде ақпарат сөзбен берілсе, Түркияда сурет арқылы беріледі. Олардың түсінігі бойынша сөз адамды тез жалықтырады. Ал сурет ақпаратты сөйлетеді.

- Еге университеті шетелдік студенттерге қандай жағдай жасайтыны - бізге қызық болып тұр...

- Өте орынды. Университет көп жағдай жасайды. Бізді күтіп алып, университетпен толық таныстырды. Жатақханаға орналастырып, көп қолдаушыларды серік етті. Ай сайын немесе апта сайын қаржылық көмек беріп, демалыс күндерде қыдыруымызға мүмкіндік берді. Қазақстаннан, Қырғызстаннан және Еуропа елдерінен келген студенттер үшін мерекелік кештер ұйымдастырып отырды. Мұндағы мақсат студенттердің бір бірімен арласуы, көпшілікке бейімдеу, түрлі ұлттардан дос табу. Бұл студенттер үшін өте көңілді әрі қызықты. Еге университетінде өткен күндерім маған керемет сәттер сыйлады. Білім берді, достар таптым, ұмытылмайтын бақытты күндерге толы зор әсер сыйлады.

- Түркияда оқуға түскісі келетін студенттерге қандай кеңес бересің?

- Ең бірінші қорықпау керек. Бару керек, оқу керек, көру керек. Қазіргі таңда оқуға үлкен мүмкіндіктер берілген. Көптеген бағдарламалар бар. «Түркия Бурслары» деген бағдарлама арқылы оқуға түссеңіз бір жыл бойы түрік тілін оқытады. Оқу ақысыз. Медициналық сақтандырудан өткізеді, сонымен қатар 4 жыл жатақханамен қамтамасыз етеді. Ол жаққа бару үшін IELTS болу шарт емес. Яғни айтқым келгені, қазір Түркияға барып оқу өте оңай әрі қолжетімді. Барлықтарыңызға сәттілік тілеймін!
- Көп рахмет! Бұдан да зор биіктерді бағындыра беріңіз!

**Сұхбаттасқан : Ақбота БАҚЫТЖАН,
1-курс студенті**



СТУДЕНТ ОЙЫ

Студенттер беті

АУДИТОРИЯ

ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУҒА
АСЫҒАЙЫҚ!

Құс ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі деген рас... Біз отбасыда 7 ағайындымыз, 6 қыз және 1 ұл. Әке-шешем ес білгелі адамгершілікке, бауырмалдыққа, мейірімділікке, үн емі бірге жүріп, қуанышымызды ортақтасып, қайғымызды бірге көтеріп, бөлісуді үйретті. Әрдайым қолымыздан келгенше жақсылық жасауды, сауап жинауды санамызға сіңірді. Сол себепті болар, үнемі біреуге қол үшін созып, көмектесуге асығып тұрамын.

Мектеп оқитын кезім, әлі баламын. 10-сыныптан 11-сыныпқа аяқ басып, жазғы демалыста жүрген кезім, бүкіл әлемді дүр сілкіндірген, қанша адамды жақынынан, ата-анасынан, баласынан, бауырынан айырған Коронавирус таралып, карантин басталған уақыт. Қанша адам жұмыссыз қалды, күн көріс нашарлады. Сол кезде көрші ауылдың жастары ұйымдастырған еріктілердің «Қайырымдылық» тобына мүше боп кірдім. Барынша жағдайы төмен, ерекше балаларға қаржылай немесе азық-түлік жағынан көмектесуге қаржы жинадық. «Көп түкірсе-көл»-демекші қанша қиын кездер болса да, бірнеше отбасыға көмектестік. Жас болса да, бас болып жүрген өзіміз қатарлы қыз-жігіттер еді.

Қыркүйек айы. Мен 11-сынып оқушысы, бітіруші түлекпін. Алдымызда үлкен емтихан-ҰБТ. Карантин әлі де жалғасуда. Ойлана келе, өз командалмды жинақтауға шешім қабылдадым, өз қатарластарымды шақырдым. «Адам өзі қандай болса, ортасы да солай болады»- дегендей оларда бірден келісіп, іске білек сыбана кірісе кетті. Ісіміз алға басып, ойлаған қаржыны дәл уақытында жинап, көптің батасын алып, алғысқа бөленіп жүрдік...

ЖАҢА БАСТАМА

Бір күні арнайы ашылған әлеуметтік желідегі парақшамызға хабарлама келіп түсті. Барынты-шынтыммен оқып, хабарламаға жауап бердім. Анасының айтуынша қыз 5 жаста екен. Дәрігерлердің диагнозы бойынша қыздың дене бітімі, бойы мен ойы да 1 жасар баланыңкіндей, миы дамымаған... Жүрегім қарсы айырылып, Аллаға сансыз шүкір дей бердім, себебі аяқ қолым сау, сөйлей аламын, естимін, жүремін. Көп ойланбадым, бірден коман-

дама жағдайды түсіндіріп, 30 минут ішінде жұмысты бастап кеттік. Мендегі мақсат, 1 апта ішінде 200 000 жинаймын дедім. Командалмның мықтылығы сонша, аз ғана сумма қалған болатын, ол аз сумманы жеткізу үшін, өз ұялы телефонымды саттым... 1 апта өтті, ақша толық жиналды, шүкір. Бірақ анасы, Түркия Республикасына емге бара жатқанын және бұл қаражаттың жетпейтінін айтты, мен тағы 1 аптаға созып, тағы жинай бастадым.

ӨКІНІШ...

Уақыт өтті, ақша жиналды. Кішкентай ғана қызды, емнің алдында көргім келді. Үйіне барамын деп жүрдім, алайда мектептегі соңғы жыл, алда емтихан, түрлі жоспарлар...



Уақыт тапшы болып кетті, ол кісілер шетелге кетпестен 3 күн алдын, ертең баратынымды айттым, қолымда барлық сумма, ерекше бақыттымын, кішкене болса да өз үлесімді қосқаныма, өз өзімді мақтан етіп жатырмын. Таңертең ұйқыман оянып, реттеліп, телефонымға қарасам, анасынан "Балжан, жаным біз балапанымыздан айырылып қалдық"- деген қаралы хабар келді... Бұл Алланың қалауы болса да, тағдыр болса да өзімді жегідей жедім, кінәлі сезіндім. Бүкіл аспан түнеріп, ғаламның бәрі қайғырып жатқандай сезіндім. Бір өксік кеудемді жібермей, жасым шықпай, отырдым да қалдым...

НЕГЕ? НЕГЕ? Неге ерте бармадым, тым болмаса неге ақшаны жіберіп қоймадым деп ойлады. Дәл сол күн, сол жексенбі менің әлі есімде, бұл хабар командалма да оңай тиген жоқ, айтқан кезде тоқтаусыз қоңырау, хабарлама келді... Анасына көңіл айтуға сөзім жетпей, дәрменім болмады.

Ал, қаражатты періштеміздің анасына көмек ретінде аудардық. Тас түскен жеріне ауыр, есеңгіреп 2 аптаға жұмысты тоқтаттық...

Осылайша, жұмысты қайта бастадық, бірнеше отбасыға онлайн режимде оқып жатқан балаларына 2 айда 7 планшет сыйладық. ҰБТ жақындап, уақыт болмағасын ортақ келісіммен бұл қайырымдылық тобымыздың жұмысын тоқтаттық. Көптің батасы мен алғысына бөленіп, емтиханымды жақсы тапсырып, өзім қалаған оқу орнына, таңдаған мамандығыма оқуға түстім...

Жақсылық жасауға асығайық!

Балжан ШӘКІРБАЙ,
2-курс студенті

• Мен күтпеген қоңырау !

БӘРІ ӨЗГЕРГЕН СӘТ...

Әдеттегідей демалыс күні. Демалыс күні таң атысымен ерте тұрмаса та, түскі уақыт таяғанда ояғаным есімде. Демалыс күні жатаханада жататын студент үшін айтарлықтай істейтін жұмыс жоқ. Жай ғана бөлмені бір тазалап шығып, кір киімдерімді жуып қойсаң болғаны. Егер бөлме жинаулы, киім-кешектерің таза, заттарың орнында тұрса тіпті жақсы. Тек демалып, күніңді тек өзіңе арнайсың. Жолымыз болғандай сол бір жексенбі тек өзімізге арналған күн болғандай. Ары жатып, бері жатып ойлана келе қасымдағы құрбыммен бірге базар аралап, кино көруге шешім қабылдадық.



Боянып, үстімізге әдемі деген киімді киіп жатаханадан шыға жөнелдік. Жатаханамен автобус аялдамасына дейін біраз жол жүреміз. Қолымдағы ұялы телефонға айқайлап, күліп видео түсіріп бара жатқан маған «Мамусыя» деп сақталған менің анамнан қоңырау келді. Ойымда ешқандай бөтен ой жоқ, көңілді күйде жауап бердім.

Тұтқаны алсам көңілсіз түрде мамам...

- Алло. Алло. Қалайсың?

- Жақсы өзіңіз?

- Не істеп жатырсың? Қашан қайтасың?

- Аяужанмен сыртқа шыққан едік. Бұл демалыста қайтпаймын ғой. Не болды?

- Әкең «Инсульт» алды. Қазір ауруханада жатыр.

- Неге? Қалай? Деген сұрақтарды көп қойдым. Анам маған көп нәрсені ашып айтқысы келмеді басында. Мені уайымдайды деп ештеңені ашып айтпады. Бәрі жақсы дегеннен аспай тұтқаны қойып қоя салды.

СЕНГЕНДЕЙ БОЛДЫМ. БІРАҚ, СЕНЕ АЛМАДЫМ...

Анам тұтқаны қоя салысымен, қасымдағы құрбыма қарап тұрып, әкем инсульт алып қалыпты деп айттым. Сол сәтте үйге қайтып кетуді де ойладым. Анам бәрі қалыпты деді ғой. Бір ойым үйге барғанда не істеймін? Бекер ойланып, бір-бірімізге қарап отырамыз ба? Осылайша ары қарай базар аралап, кино көріп қайттық. Бірақ, жатаханадан

шыққандағыдай көңіл күй емес едім. Қыдырып жүргенмен ойым басқа жақта. Әкем не істер екен? Жазылып кетсе жақсы болар еді...

КҮННЕН-КҮНГЕ НАШАРЛАП БАРАДЫ...

Күн сайын болмаса да, анаммен сөйлесіп, хабар алып отырмын. Әр апта сайын тоқтаусыз ауруханаға жатақыз беретін болды. Жағдайын біліп көзбе-көз көріп қайтайын десем, анам бекер әуре болма дей береді. Анам бір нәрсе жасырған сияқты ма... Жүрегімнің соғысы жиілеп әкемді құшақтап иіскегім келді. Шыдай алмай анамнан маған жасырмай, бәрін ашып айтып беруін сұрадым. Сол кезде менің қандай сезімде болғанымды сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Сенесіздер ма? Көзімнен сол сәтте жасым да аққан жоқ. Әкем болса сөйлей де алмай қалыпты, көзінің көруі де нашарлапты...

ҚОРҚЫНЫШТЫ ХАБАРЛАМА...

Анаммен күн сайын хабарласып, бейне қоңырау арқылы сөйлесетінбіз. Анам күні-түні әкемнің жанында болды. Әкемнің қасында кезінде қоңырау шалып менімен сөйлесе алмайтын. Себебі ауырып жатқаны туралы айтса өзін бір түрлі сезінетінін білді. Сондай бір күні, анамнан «Бір демалысыңда үйге келіп кет»- деген хабарламаны оқыдым. Әкеңді көріп кет, сені сұрады деген сөздерді естіп демалысымды жоспарламдым. Ойыма неше түрлі ой келді. Неге мені шақырды?, тыныштық болса екен... Шыны керек жаман нәрсені ойладым көріп кет деген

сөзден кейін. Сол уақыттарда мен жұмысқа кірген болатынмын. Өзім де енді бастадым жаңадан, демалыс сұрау ыңғайсыз болды. Анам қайта хабарласып жексенбі күні үйде құдайы тамақ берейін деп жатырмыз деді. Қайтадан жаман бір сезім бойымды биледі. Жексенбі күні таксиді таңғы беске шақырып Шымкентке қарай жолға шықтым. Жолда неше түрлі ой келді, не болады екен, әншейінде желдей жүйткіп жетіп баратын көлік те жете алмай кетті. Уақыт та тоқтап қалғандай. Жүрегім қысылып, бір жарылып кететін сияқтымын. Әкем аман-есен екен. Бірақ бұрынғыдай жағдайымды сұрап, әңгіме айтпайды. Аурухана төсегінде таңылып жатыр.



ТӨРТ ЖАРЫМ АЙ...

Университетте концертке дайындалып жүрміз. Ойымда ештеңе жоқ. Жанымдағылармен әңгімелесіп отырған едік. Кенеттен ұялы телефоныма төрт жарым ай бойы соғылмаған қоңырау шалды. Қарап қалсам «Әкешім» деп тұр екен. Біраз ойланып қалдым. Әдетте анам әкемнің де телефонынан хабарласып тұратын. Ойымда ештеңе жоқ, сыртқа шығып тұтқаны көтердім. Төрт жарым ай бойы «Өшөнә» қалайсың? деген сөзді естімеген мен таң қалып, сөйлей алмай қалдым. Қобалжығаным сонша не айтып, не қойғанымды да білмеймін. Жүрегім дүрсілдеп, үстімнен салқын суды құйып жібергендей сезімде болдым. Үш-төрт минуттай сөйлестік. Соңында шаршап қоштастық. Тұтқаны қоя салысымен дайындық залына жүгіре барып қасымдағы құрбыма папам сөйледі деп айта салысым сол еді, көз жасым жанар таудай атқылады ғой. Қасымдағылар да қуанып, бір керемет сезімде болдым. Өмірімде қуаныштан аққан жас осы болса керек. Өзімде таңырқап қарадым. Ата-анамыз аман болса, үлкен бақыт екенін түсіндім.



ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ



АХМЕТ YESEVI ÜNİVERSİTESİ

АХМЕТ YESEVI ÜNİVERSİTESİNDE “АНА
YURTTAN АТА YURDA SAĞLIK КÖPRÜSÜ”
PROJESİ DEVAM EDİYOR

«Ана Yurtтан Ата Yурда Сағлық Көпрүсү» проjesi kapsamında Ahmet Yesevi Üniversitesine gelen üroloji uzmanları Prof. Dr. Mustafa Kemal ATİLLA ve Dr. Öğr. Gör. Mahmut ULUBAY, programları kapsamında pratik ve teorik eğitimler verdiler.

Prof. Dr. Mustafa Kemal ATİLLA ve Dr. Öğr. Gör. Mahmut ULUBAY seçilmiş çeşitli hastalar üzerinde bir dizi ameliyat gerçekleştirirken operasyonlar Üniversitemiz Tıp Fakültesi Hastanesi Videolu Eğitim Salonu'ndan canlı olarak izlendi. Prof. Dr. Mustafa Kemal ATİLLA, canlı olarak vakaları anlattığı eğitimler esnasında katılımcı hekimler ve tıp fakültesi öğrencilerinin sorularını yanıtladı. Ayrıca Op. Dr. Mahmut ULUBAY'ın kendi geliştirdiği ve literatüre geçen yeni bir yöntemle, küçük yaşlarda hipospadias ameliyatı olan erişkin bir hastada gelişen komplikasyonlar ve tekrarlayan hastalık ULUBAY tarafından başarılı bir şekilde tedavi edildi.



АХМЕТ YESEVI ÜNİVERSİTESİ
MÜTEVELLİ HEYET BAŞKANI
PROF. DR. MUHİTTİN ŞİMŞEK,
SARAYBOSNA'DA BASINA
AÇIKLAMALARDA BULUNDU

Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Türk Edebiyatı İsimler Sözlüğü'nün üç ana editör grubunun yaklaşık beş yıllık çalışması sonucu ortaya çıktığını ve 14.109 madde başı, 5 milyon civarında kelime ve 62 bin esere yer verdiğini söyledi. Ayrıca Türkiye'nin ve yakın coğrafyanın pek çok üniversitesinde çalışan 1100 akademisyenin katkılarıyla hazırlandığını belirtti.

Türk Edebiyatı İsimler Sözlüğü'nün, yayın hayatına başladıktan kısa bir süre sonra ülkemiz başta olmak üzere dünyanın 75 ülkesinden takip edildiğine dikkat çeken Şimşek, aranan maddelerin arama motorlarının indekslemesiyle üst sıralarda



yer aldığını ve pek çok kez ilk sıralarda yer aldığını vurguladı.

Prof. Dr. Muhittin Şimşek, sözlüğün dijital olarak <http://teis.yesevi.edu.tr/> adresinde erişime açık olduğunu, ancak sınırlı sayıda basılı örneğinin de okuyucularla buluştuğunu ifade etti.

Türk Edebiyatı İsimler Sözlüğü Ansiklopedisi'nin Türk edebiyatının gelişimine ve araştırmalarına büyük katkı sağlayacağına inandığını belirten Prof. Dr. Muhittin Şimşek, sözlüğün edebiyatçılar, öğrenciler, araştırmacılar ve ilgililer için önemli bir başvuru kaynağı olduğunu vurguladı.

Türk Edebiyatı İsimler Sözlüğü Projesinin kullanıma açıldığı günden bu yana gördüğü yoğun ilgiden dolayı “Ahmet Yesevi Üniversitesi olarak projenin gördüğü yoğun ilgiden dolayı çok memnunuz; 27 milyon ziyaretçi, bu çalışmanın ne kadar önemli olduğunu gösteriyor” dedi.

Prof. Dr. Muhittin Şimşek, “Türkiye Yüzyılında Ahmet Yesevi Üniversitesi olarak, Türk edebiyatının zengin mirasını koruma ve gelecek nesillere aktarma konusunda büyük bir çaba sarf ediyoruz. Türk Edebiyatı İsimler Sözlüğü Ansiklopedisi'nin hazırlanmasında emeği geçen tüm akademisyenlerimize ve çalışmanın yayınlanmasına katkıda bulunan herkese teşekkürlerimi sunarım” diyerek sözlerini tamamladı.

KAZAKISTANCUMHURBAŞKANIKASIM COMARTTOKAYEV,CUMHURBAŞKANI RECEPTAYYIPERDOĞAN'ITEBRIKETTI

Kazakistan Cumhurbaşkanı Tokayev, yayımladığı mesajında Cumhurbaşkanlığı Seçimlerinin ikinci turunda elde ettiği başarısından dolayı Cumhurbaşkanı Erdoğan'ı tebrik ederek, tarihi dostluk ve dayanışma bağlarının birleştirdiği iki ülke arasındaki kapsamlı stratejik iş birliğinin gelişerek devam edeceğini ifade etti.



AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİ TIP FAKÜLTESİ HASTANESİ İLK LERE İMZA ATMAYA DEVAM EDİYOR

Ahmet Yesevi Üniversitesi Tıp Fakültesi Hastanesinde ilk defa anjiyografi eşliğinde beyin damarlarına stent takıldı. İnme riski olan hastalarda hayati öneme sahip bu tedavi Türkistan eyaletinde ilk olma özelliği taşıyor.

Yakın zamanda Hastanemizin kadrosuna katılmış olan ve Kazakistan İnme Derneği Başkanı doktorumuz Erkin MEDETEV'in başkanlığında yürütülen operasyonlarda üç hastanın karotis damarına başarılı şekilde stent yerleştirildi. "İnme veya iskemik beyin-damar hastalığı, merkezi sinir sistemine giden damarların hastalıkları sonucu gelişen tıkanıklıklar ya da damar dışına kanamaların yol açtığı nörolojik belirti gelişimidir. İnme riski olan ve inme gerçekleşen bireylerde erken tanı ve tedavi, engel gelişme riskini azaltmaktadır." diyen Ahmet Yesevi Üniversitesi Tıp Fakültesi Hastanesi Başhekimisi Mehmet Ziya GENÇER, Üniversite Hastanemizin Türkistan halkına sunduğu bu hizmet sayesinde Türkistan eyaletinde inmeye bağlı mortalite ve engelli sayısında anlamlı oranda düşüş sağlanacağına dikkat çekti.



PROF. DR. MUHİTTİN ŞİMŞEK, ULUSLARARASI SARAYBOSNA ÜNİVERSİTESİNDE TÜRKİYE YÜZYILI VE TÜRK EDEBİYATI İSİMLER SÖZLÜĞÜ KONULU KONFERANS VERDİ

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Uluslararası Saraybosna Üniversitesinde Türkiye Yüzyılı ve Türk Edebiyatı İsimler Sözlüğü konulu konferans verdi. Prof. Dr. Muhittin Şimşek konuşmasında, Türk Edebiyatı İsimler Sözlüğü Ansiklopedisi'nin üç ana editör grubunun beş yıllık çalışması sonucu ortaya çıktığını açıkladı. Sözlük, Divan Edebiyatı, Âşık-Tekke Edebiyatı ve Batı Etkisinde Gelişen Türk Edebiyatı olmak üzere Türk edebiyatının çeşitli dönemlerini kapsıyor ve 14.109 madde başı, 5 milyon kelime ve 62 bin eser içeriyor.

1100 akademisyenin katkısıyla hazırlanan Türk Edebiyatı İsimler Sözlüğü, yayın hayatına başladıktan kısa bir süre sonra dünya genelinde ilgi görmeye başladı. Çalışma, arama motorlarının indekslemesi sayesinde sıkça ziyaret edilen siteler arasında yer almaya başladı. Sözlük, dijital olarak <http://teis.yesevi.edu.tr/> adresinde erişime açık olmakla birlikte, sınırlı sayıda basılı örneği de mevcuttur.

Prof. Dr. Şimşek, Türk Edebiyatı İsimler Sözlüğü Ansiklopedisi'nin Türkiye'nin kültürel mirasını koruma ve gelecek nesillere aktarma çabalarının önemli bir örneği olduğunu belirtti. Ansiklopedinin Türk edebiyatı tarihine katkı sağlamayı hedeflediğini ve öğrenciler ile araştırmacılar için önemli bir kaynak niteliği taşıdığını vurgulayan Prof. Dr.



Şimşek, Ahmet Yesevi Üniversitesi olarak bu çalışmada yer almaktan gurur duyduklarını ifade etti.

Prof. Dr. Muhittin Şimşek sözlerini şu ifadelerle tamamladı. "Ahmet Yesevi Üniversitesi olarak, Türk edebiyatının zengin mirasını koruma ve gelecek nesillere aktarma çabalarında yer almaktan gurur duyuyoruz. Türk Edebiyatı İsimler Sözlüğü Ansiklopedisi'nin hazırlanmasında emeği geçen tüm akademisyenlerimize ve çalışmanın yayınlanmasına katkıda bulunan herkese teşekkür ediyorum."

Konferans sonrası Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığınca baskısı yaptırılan 20. Ciltlik Türk Edebiyatı İsimler Sözlüğü Ansiklopedinin tanıtımı gerçekleştirildi. Konferans sonrası katılımcılar böyle bir eserin yayın hayatına kazandırılmasından dolayı memnuniyetleri dile getirdiler.

СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ

Балалық шақтың естелігі

Әр адамның бала кезіндегі мәңгі есте қалатын, бір қызықты әрі қорқынышты сезім туындатқан оқиғасы болады деп ойлаймын. Мен білетін қызықты оқиға, кейіпкер жетерлік бірақ алғашқы жазбамда өзімді кейіпкер қылғым келді.

Мен балалық шағымда анаммен жиі өз қаламыздан бөлек басқа қалаларда қыдыратынбыз. Әр Жаңа жыл сайын, түрлі мерекелерді туыстарымызбен бірге өткізетін едік. Жаңа-жыл болған сайын көп баратын жеріміз - Шымкент қаласы еді. Солай бару кәдімгі жылдағы әдет болып кетті. Ол жақта біздің туыстарымыз тұратын.

ОҚИҒА

Бірде әдеттегідей Жаңа-жыл мерекесінен 1 күн бұрын жолға шықтық Бірақ бұл жолы кеш батқанда шыққан соң ба мен үшін жол өте ұзаққа созылды. Жолда түсіп қалатын өзіміздің бір аялдама болатын, бірақ дала тұман болып ол жерден байқамай алыс өтіп кетіппіз. Жүргізуші бізді айдаладан түсіріп кетті. Қолымызда үлкен жүк, мен кішкентаймын анам өзі көтеріп жүр. Әрең дегенде жолды тауып алдық. Бірақ жолды тапқанша қараңғы, суық, айдала, тұманда әбден адастық десем де болады. Солай әйтеуір үйге келдік, жайғастық туыстарымызбен көрісіп, бір-бірімізді мерекемен құттықтап жатырмыз. Сол кезде жылы көрініс көз алдымда қайта пайда болды..

ҚОРҚЫНЫШ

Мереке өткен күннен кейін кешке таман үйдегілермен барлығымыз сыртқа шықтық. Барлығы мез мейрам ойын ойнап жүр. Мен сырттай оларды бақылап қарап тұрмын. Сол кезде менде қандай ой болғанын білмеймін әйтеуір олардан бөлек бір өзім жүріп кеттім. Дала қараңғы болған соң жаңағы орнымды таппай қалдым. Солай кідіріп тұрғанымда, алдымнан бір ағай өтті мен оны ағам деп ойладым ба ұқсаттым ба артынан еріп кете беріппін. (еш себепсіз) Сол кісінің артынан еріп жүріп басқа ауданнан бірақ шығыппын. Жаңағы кісі орындықта отырған әпкенің (әйелі екен) жанына келіп тоқтады. Маған қарады да сен қайдан жүрсің бұл жақта? Ата-анаң қайда? деп сұрақты жаудырды. Ол маған бұрылып қарағанда бөтен адамға еріп келе

жатқанымды сол мезетте түсіндім. Сол мезетте алғаш рет жалғыз өзім қалдым. Айналама қараймын ешкім жоқ. Неге олай жақындарымнан бөлек кетіп қалғанымды өзім де түсінбей, бір жағынан қатты қорқып, дірілдеп тұрмын. Бәрі түсім сияқты көрінді. Менің айтқан жауабыма қарап ол кісілер менің туыстарымды тауып беріп, үйіме апарып тастады. Сол кезде анамның уайымдаған жүзін көріп, менде қатты ыңғайсыздық болды.



Сол жайттан соң алыс бір жерде бір өзім қалып кетсем менде қорқыныш басталатындай...

ТҮЙІН

Ол кез тыныш заман болып жақсы адамдар кездесті деп ойлаймын. Бірақ дәл осы оқиға қазіргі уақытта орын алса білмеймін... Бұл оқиға бала кезімдегі қорқынышты естелік болып қалғандай, әлемге деген ойымды басқаша қалыптастырғандай болды. Қазірде қоғамда орын алып жатқан көптеген белгісіз оқиғалар белгісіз күйінде қалып кетіп жатыр. «Заман», «уақыт» емес адамдар өзгеріп кеткен секілді.

Назым САУЫРБАЕВА,
2-курс студенті

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет.

Медиа және PR орталығы:

журналистер:
«Журналистика» кафедрасының студенттері

Фото маманы:
Нахып ШЫНТЕМИРОВ

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы.

Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru

Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

2019 жылдың қаңтарынан бастап « Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.